



ӘОЖ 338.330.1

Сапаралиев Т.Ж.**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНДАҒЫ МАЙ
ӨНДЕУШІ
ӨНЕРКӘСІПТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ
ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

В статье анализируется современное состояние и развитие масложировой промышленности Южно-Казахстанской области и предложены пути его совершенствования в условиях рынка для повышения эффективности и доходности предприятий.

The article analyzes the current state and development of vegetable oil production of South Kazakhstan region and suggest ways to improve it in the market for increased efficiency and profitability of companies.

Тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту ресурстық потенциалды қолданудың тиімділігін арттыру мен және азық-түлік кешенінің құрлымын өндірістегі ең бағалы мен энергия сыйымды өнімдер мен шикізаттар есебінен қайта құрмай мүмкін емес.

Әлемнің дамыған елдерінде соңғы жылдары өсімдік тегіндегі майлардың құрылымдық үлес салмағының бірден артуының нәтижесінде азық-түлік өнімдерінің өндірісінде еңбек шығындары мен ресурстарды тікелей қысқартуды қамтамасыз етуші ірі өзгерістер болды.

Әлемде соңғы 15 жылда майлы дақылдар тұқымының жалпы түсімі екі есеге артты. Мұндай жоғары даму қарқыны ауылшаруашылығы салаларының біреуінде жоқ. Бұл мал майлары өндірісімен салыстырғанда, өсімдік майларының салмақ бірлігіне немесе калориясына жұмсайтын шығындардың 10 есе, ал кейбір аймақтарда 20 есе аз болуымен негізделеді.

Тұрғындардың жан басына шаққандағы өсімдік майларын тұтынуын майлы дақылдар тұқымының жалпы түсімін көбейту, жоғары өнімді төзімді сорттар мен будандарды енгізу себебінен оның өнімділігін айтарлықтай арттыру, олардың тұқым шаруашылығын жақсарту, өсірудің интенсивті технологияларын кең түрде игеру, сонымен қатар жинау, сақтау мен қайта өңдеу кезеңдерінде тұқым сапасын сақтау және жинау шығындарын төмендету арқылы едәуір арттыруға болады.

Майлы дақылдарды өңдеу нәтижесінде алынатын өнімдер халық шаруашылығында және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды қызметті орындайды. Ол тұрғындардың өсімдік майына деген қажеттілігін қанағаттандырады, өнеркәсіптерді техникалық маймен, құрама жем өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз етіп, тұрғындардың бірқатар тұрмыс құралдары мұқтаждығын қанағаттандырады.

Май өнеркәсібінің құрамына осы сала үшін қажетті машина өндірісінің өнеркәсіптері, өсімдік майының өндірісі үшін шикізатпен қамтамасыз етуші ауыл шаруашылық дақылдары: күнбағыс, қытай бұршақ, майзығыр, қыша, мақсары, рапс және басқа да майлы дақылдар, сонымен қатар тамақ және техникалық өсімдік майлары, күнжара, шрот, майларды рафинациялау және сутектендіру (гидрогенизациялау), маргарин, майонез өңдеу, майлардың бөлінуі және глицерин өндірісі, майлы негіздегі сабындар, олифтер, стеариндер, синтетикалық жуатын құралдар және басқада өндірістердің май өнеркәсібіндегі кәсіпорындары мен цехтары кіреді.



Май өнеркәсібінің негізін екі өзара байланысты салалар – ауыл шаруашылығы (майлы дақылдардың өндірісі) және өндеуші өнеркәсіптер құрайды. «Ойл уорд» компаниясының мәліметтері бойынша, әлемде тамаққа арналған 8 өсімдік майының түрлері өндіріледі, олар тамаққа арналған майлардың әлемдік өндірісіндегі алатын үлесі: қытай бұршақ майы – 26,5%, рапс майы – 15,4%, күнбағыс майы – 13,2%, мақта және жержаңғақ майлары - 6,7%, кокос майы – 5,7%, жүгері және пальмоядролық майлар 2,5% құрайды [4].

Май өнеркәсібі саласының негізгі міндеті – тамақ және азық қатынасында екі жоғары калориялы, ерекше бағалы заттар - өсімдік майы мен ақуызбен (белок) тұрғындарды қамтамасыз ету. Жалпы майларды тұтынудың көлемінде өсімдік майының алатын үлесі 60% құрайды, ал барлық тұтынатын өсімдік майының 80% үлесін күнбағыс майына тиесілі. Қазіргі заман жағдайында тамақ сапасындағы пайдаланатын өсімдік немесе мал майларын тұтыну мөлшері төмендесе де, өсімдік майының басқа майлармен салыстырғанда өте арзан болуына байланысты оның үлесі тұрақты артады.

Ресей мамандарының ұсыныстарына сәйкес, тұрғындардың жан басына шаққандағы өсімдік майын тұтынудың рациональдық деңгейі жылына 13,6кг құрайды (24). Көптеген дамыған елдерде бұл көрсеткіш айрықша жоғары: Ұлыбританияда – 18 кг, АҚШ – 20кг, Дания және Нидерландияда – 25кг құрайды [1]. Бірақ Қазақстан жағдайында мұндай көрсеткішке жақын жылдары жету, бүгінгі тұтыну деңгейінде (8,4кг) осы өнім бойынша қиын соғатыны анық.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезде келесі майлы дақылдардың түрлері егіледі: күнбағыс, қытай бұршақ, майзығыр, қыша, мақсары, рапс, жержаңғақ және өсімдік майының бір бөлігін мақта шитінің тұқымынан алады. Осы егілетін дақылдардың негізгілеріне тоқталар болсақ:

Күнбағыс – біздің республикамыздағы егілетін негізгі майлы дақыл және Қазақстанда бұл дақыл 1914 жылдан бастап егіліп келеді: майлы дақылдар тобының арасында күнбағыс 2000 жылы жалпы майлы дақылдар егістігінің 72% егілді және майлы дәндердің жалпы түсімінің 74,6% қамтамасыз етті. Қазіргі кезде оның негізгі бөлігі Шығыс Қазақстан облысындағы мамандырылған шаруашылықтар өндіреді. 2007 жылғы көрсеткіш бойынша 270 мың гектарға егілді. Бұдан басқа республиканың қалған аймақтарында Павлодар облысында -18%, Алматы облысында 6,8%, Солтүстік Қазақстанда 4,6%, Оңтүстік Қазақстанда 2,6% шоғырландырылған [2].

Мақсары-соңғы жылдары Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарында егіліп жатқан негізгі майлы дақылдардың бірі. Қытайбұршақ-Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында егілуде.

Өсімдік майларының адам денсаулығы үшін мал майларымен, соның ішінде сары май алдында бірқатар артықшылықтары бар. АҚШ мамандарының есебі бойынша 1 тонна өсімдік майының өндірісі үшін тек 1га жер ғана қажет болса, ал 1 тн сары май алу үшін 3,5 га жер бөліп, сүт майлылығы 3,7% болатын, сауым сүті 5200 кг құрайтын 5,2 сиырды ұстау қажет, сонымен бірге 23 мың доллар күрделі шығын және 300 адам-сағат жұмсау керек. Ал Қазақстан жағдайы бойынша бұл көрініс басқаша болады. Егерде орташа сауымы 3000 кг, майлылығы 3,5% сүтті алсақ, біздің есеп бойынша 1 тн сары май алу үшін 9,5 сиыр қажет және олар үшін 10 га жер бөлуіміз қажет. 1 тн күнбағыс майын алу үшін осы дақылды 1-1,5 га егістік жерге егуіміз керек [3].

Майлы дақылдардан алынатын өсімдік майын тікелей тамақ сапасында және аспазшылыққа, маргарин, майонез, жеміс және балық консервілері тәтті тағамдар мен көп өнімдерінің әр түрлі сорттарын дайындау үшін кең түрде пайдаланып, қолданады. Тамаққа жарамсыз майдың бөлігін сабын, олиф, линолеум, кленка және басқада өнімдердің өндірісінде қолданылады. Өсімдік майы нәрлігі мен сінімділігі бойынша, сары майдан біршама қалады, бір-ақ басқа мал майларынан асып түседі. Ол жоғары калориялығымен айрықшалаанады. Өсімдік майының бір бірлік массасы калорийясы бойынша қанттың 2-3 бірлігіне, нанның 4 бірлігіне, картоптың 8 бірлігіне теңеледі.



Кесте 1

ОҚО 2003-2008 жж өсімдік майының өнім көлемі

| Май түрлері | жылдар | | | | | | 2008 ж 2003ж % қатынасы |
|---|--------|-------|-------|-------|-------|-------|-------------------------------|
| | 2003 | 2004 | 2005 | 2006 | 2007 | 2008 | |
| Тазартылмаған күнбағыс майы, тн | 14489 | 7603 | 5860 | 2617 | 12515 | 3695 | 25,5 |
| Мақта майы және оның фракциялары, тн | 27113 | 28504 | 38395 | 38269 | 27914 | 27245 | 100,4 |
| Тазартылған күнбағыс майы және оның фракциялары, тн | 8687 | 4954 | 3285 | 2781 | 6211 | 3006 | 34,6 |
| Барлық өндіріс көлемі, тн | 50289 | 41061 | 47540 | 43667 | 46640 | 33946 | 67,5 |

Дерек көзі: ОҚО Статистика басқармасының мәліметтері [5].

Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан облысы май өндірісі бойынша республикада 3 орында алады. 2003-2008жж өсімдік майының түрлері бойынша өнім көлемі келесі кестеде 1 көрсетілген. Осы көрсеткіштерді қорытындылайтын болсақ, 2003-2008 жж аралығында ОҚО бойынша өсімдік майы өндірісінің өнім көлемі 67,5% төмендеген. Жалпы өндірілген өнім көлемінің 2008жылғы көрсеткіштері бойынша ең жоғары құрлымдық үлес салмағы 80,3 % мақта майы құраса, тиісінше күнбағыс майы 20,7% күнбағыс майын құрайды. 2004-2007 жж мақта дақылдың егістік көлемі орташа шамада 208 мың га болғанда, тиісінше өндірілген мақта майының көлемі де жоғары 33270 тн болған. 2008 жылы мақта егістігі 15% қысқарып 178,5 мың га болғанда, мақта майының өнім көлемі де тиісінше 18% кеміп, өнім көлемі 27245 тн құраған. Қорытындылай келе 2008 жылы ОҚО өнім көлемінің кемуіне мақта егістігінің қысқаруы десек, екінші себеп, бұл әлемдегі қаржылық дағдарыс әсерінен туындаған.

Облыстағы май өндеуші өнеркәсіптер негізінен мақта шикізатын қолданады, бірақ барлық өнеркәсіптерге бұл мақта шикізат жетіспейді. Мысалы, май өндеуші ірі өнеркәсіп «Шымкентмай» АҚ өндіріс қуаттылығы – тәулігіне 920 тн болса, жылына 336 мың тн шикізат өндеуге мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, «Қайнар» АҚ тәулігіне 280 тн, «Арай» ЖШС тәулігіне 200 тн, «Сана» ЖШС тәулігіне 250 тн мақта шикізатын өндеуге мүмкіндігі бар. Ал облыстағы шағын май өндеуші цехтардың саны 148 бірлікті құрайды. (2 кестені қараңыз).

Кесте 2

ОҚО май өндеуші зауыттардың өндірістік қуаттылығы

| Кәсіпорын атауы | Тәуліктегі өндірістік қуаттылығы тн | Жылдық қажетті шикізат көлемі мың тн |
|------------------|--|---|
| «Шымкент май» АҚ | 920 | 335,8 |
| «Қайнар май» ЖШС | 280 | 102,2 |
| «Арай» ЖШС | 200 | 73,0 |
| «Сана» ЖШС | 250 | 91,25 |
| Барлығы | 1650 | 602,25 |

ОҚО тек ірі және орта кәсіпорындардың өзіне 600 мың тн аса шикізат қажет. Бұл өз кезегінде май өндеуші шағын цехтарды есепке алмағанның өзінде қажетті өлшемдегі шикізат ресурстарының жеткіліксіздігін білдіреді.

ОҚО жалпы өсімдік майының 67,5 % «Шымкентмай» АҚ шығарса, ал қалған 32,5% соңғы орта және шағын кәсіпорындарға тиіс елі. Кәсіпорынның 65 жылдық майлы дақылдар және оның өнімдерін өндеу нарығындағы өзіндік тәжірибесі бар. «Шымкентмай» АҚ қазіргі кезге дейінгі өндірілген жалпы өнім көлемін есепке алатын болсақ: натуральды өндірілген өнім көлемі 2121565 тн болса, теміржол құрамы түріндегі өлшемде бұл әрқайсы 50 тн тұратын 43704 цистернадан тұратын Шымкент қаласынан Бішкек қаласына дейін созылар еді немесе 400 км қашықтықты құрайды. Осы өнеркәсіппен



өндірілген өсімдік майының құрамы 6 рет сүзбелі тазалаудан өтеді және май өте жоғары сапалы болып табылады. Облыстағы басқа кәсіпорындар май құрамын 2-3 сүзбелі тазалаудан өткізеді. Сондықтан ОҚО майлы дақылдарды өңдеуші кәсіпорындардың ішіндегі ең ірі компаниясы «Шымкентмай» АҚ болуына байланысты осы кәсіпорынға тоқталатын болсақ:

«Шымкентмай» АҚ Қазақстан Республикасы емес, ТМД мемлекеттері арасында өзіндік орны бар, сапалы өнім өндіретін ең ірі кәсіпорындардың бірі. Оның май өнімдерінің түрлеріне келетін болсақ «Шымкентмай» АҚ қазіргі кезде әртүрлі майлы дақылдарды өңдеу арқылы май шығару технологиясын жетік меңгерген. Оған жататындар мақта шроты мен күнбағыс, мақсары, қышарапс және қытайбұршақ дақылдарының дәндері жатады. Кәсіпорын өз кезегінде қалдықсыз технология бойынша жұмыс істейді. Бүгінгі күні оның қуаттылығы жылына 335 мың тн мақта шикізатын және басқада май дақылдарының шикізатын қайта өңдеуге мүмкіндігі бар. 2005 жылғы көрсеткіш бойынша зауыттың өндіріс қуаттылығын қолдануы 93,47 % құрайды.

Кесте 3

«Шымкентмай» АҚ 2002-2008 жж негізгі көрсеткіштер динамикасы

| Көрсеткіштер | 2002 | 2003 | 2004 | 2005 | 2006 | 2007 | 2008 |
|--|--------|--------|--------|--------|--------|--------|-------|
| Барлық майлы дақылдардың өңделуі, мың тн | 105,8 | 107,9 | 112,4 | 105,6 | 101,2 | 96,4 | 80,6 |
| Негізгі өнім өндірісі, мың тн, өсімдік майы | 31,5 | 36,2 | 56,0 | 47,2 | 31,1 | 23,6 | 19,3 |
| Өтімсіз қорланулар, тн өсімдік майы бойынша | 4,3 | 6,3 | 7,6 | 9,5 | 10,3 | 11,2 | 11,9 |
| Өткізілетін қорланулар, тн өсімдік майы бойынша | 1749,1 | 1299,4 | 1422,3 | 1330,3 | 1211,3 | 1168,6 | 909,7 |
| Тұтынушылық сұраныс, тың тн өсімдік майы бойынша | 30,1 | 31,2 | 40,9 | 42,1 | 44,7 | 48,2 | 51,3 |
| Жұмысшылар саны, адам | 604 | 604 | 600 | 598 | 596 | 596 | 594 |

Дерек көзі: «Шымкентмай» АҚ есепті мәліметтері.

Негізгі кәсіпорын «Шымкентмай» АҚ дамуының негізгі көрсеткіштер динамикасын талдау жасайтын болсақ, өңделген барлық майлы дақылдардың жиынтығы 2002 жылы 105,8 мың тонна болса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 80,6 мың тоннаға немесе өсімдік майы 23,9 пайызға кеміген. Осы көрсеткішке сәйкес жалпы өндірілген өсімдік майының көлемі де 2002 жылы 31,5 мың тоннадан 2008 жылы 19,3 тоннаға кеміген. 2002-2008 жылдар аралығында тұтынушылық сұраныс өз кезегінде 21,2 мың тоннаға өскен.

Бірақ компанияның ешқандай мәселесі жоқ бәрі жақсы деп шешуге болмайды. Кәсіпорындардың басты мәселесі белгілі бір мерзімге шикізаттан тапшылығы мен күзгі науқан кезінде айналымға қажетті қаражаттар жетіспеуінен болып отыр. Осы жылдар аралығында кәсіпорын өзінің қуаттылығының 45-50 % ғана қолданған кездері (2004-2005 жж) болды.

Өндірістің қалыптасуы мен дамуы міндеттерін орындау, қазіргі заман талабына сай және жоғары тиімді құрал жабдықтарды өндіріске енгізу, шығарылатын өнім деңгейін әлемдік стандартқа жеткізу, өндірісті тұрақты түрде шикізатпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, өндіріске инвестиция тарту мәселелері кәсіпорын үшін үнемі жеткіліксіз өте ірі соммадағы айналым қаражаттарын талап етеді. Сонымен қатар, бір ескеретін жағдай өзіндік құн құрлымының 89,69 % шикізаттың құрауы, шикізат нарығындағы қатал бәсекенің болуы, шикізатты жеткізіп берушілермен алдын ала төлемақы жасап келісім шартқа тұру қажет екенін, осы мақсат үшін белгілі сомманы 6-7 ай мерзімге бөлу мәселесі туындайды. Сондықтан май өңдеуші өнеркәсіптер үшін мемлекет тарапынан 4-5 жылға 7-8% жеңілдетілген несиелер бөлу керек.

Негізгі кәсіпорындардың басты мәселесі шикізаттан тапшылығы мен күзгі науқан кезінде айналымға қажетті қаражаттар жетіспейді. Бұл әсіресе соңғы жылдары мақта шикізатының егістік



алаңының 220 мың га дан 138 мың га дейін қысқарғанымен байланысты. Сондықтанда өсімдік майын шығару үшін қажетті шикізаттарды Шығыс Қазақстан облысынан, Ресей Федерациясынан күнбағыс дәндерін, Өзбекстан елінен мақта шикізатын алады. Бұл өз кезегінде өсімдік майының бағасын қымбаттатады. Қазақстан Республикасында өсімдік майының 30 пайызы мақта шикізатынан өндіріледі. Қазіргі кезде кәсіпорын өз өнімдерінің 50 пайызын жақын және алыс шет елдерге экспортқа шығарады.

Сондықтанда өсімдік майы өндірісін дамыту үшін келесі іс шаралар өткізу қажет:

1. Мақта шикізаты өндірісінің қысқаруына байланысты, оның орнын алмастыратын басқа перспективалық майлы дақылдарды аймақ деңгейінде өсіруді қолға алу қажет. Мақсары дақылдың өндірісімен облыс біршама айналысса да, қосымша өндірісті әртараптандыру сипатында күнбағыс, қытай бұршақ дақылдарын өсіру қажет.

2. Май өнеркәсіптерінің басты мәселесі науқан кезінде қажетті шикізатты сатып алу үшін айналым қаражаттарының жетіспеуі, бұл өз кезегінде олардың айналымы үшін жеңілдетілген несиелер бөлу қажеттілігіне әкеледі.

3. Өсімдік майларының сапасын арттыру сипатында май өнеркәсіптері мен ұсақ май өңдеуші цехтардың арасындағы өндірістік-экономикалық қатынастарды жүйелеу қажет. Май өнеркәсіптері май цехтарының шикізаттарын олар үшін тиімді бағада сатып алуы керек.

Әдебиеттер:

- 1 Минаков И.А. Экономика сельского хозяйства.- Москва: Колос, 2000
- 2 Есполов Т.И. Эффективность агропродовольственного комплекса Казахстана. –А.: «Ғылым», 2002
- 3 Васильев Д.С. Подсолнечник. -М.: Агропромиздат, 1990
- 4 Веб-сайт Агентства Ойл Уорлд//Адрес в Интернете- <http://www.oilworld.ru>
- 5 Веб-сайт Агентства Республики Казахстан //Адрес в Интернете –<http://www.kazstat.kz>